Докторант Өміржан Сейсенқұлұлының
«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген шетелдік
жетекшінің

ПІКІРІ

Қазақстан мен ҚХР-дағы екі ел достық ынтмақтастығының арқасында рухани селбестіктің қанат жайып келгеніне жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Осы барыста, Қазақстан қаламгерлерінің әр алуан жанрлардағы шығармалары ҚХР-дағы баспалардан жарық көріп келеді. беделді баспа орындары жыл сайын түрлі бағдарламалар бойынша, Қазақстан қаламгерлерінің таңдаулы кітаптарын Жұңго оқырмандарына таныстырып, ханзу тіліне аударып, тұтас ҚХР-ына нәсихаттап келеді, осылардың ішінде жарты ғасырдан бері аты аталып, еңбегі зерттеліп, Жұңго еліне танылып келе жатқан ұлы есім – Абай Құнанбайұлы.

«Абайды зерттеу. Абайтану» едәуір ұзақ уақыттан бері жүріліп келе жатқан, жұрт назарын аударған тақырып. Абай – Қазақстан Қазағына ғана ықпал етіп қалмастан ҚХР-дағы қазақтарға, тіпті жербетіндегі күллі қазақ баласына, адамзатқа бірдеи ықпал жасаған ұлы тұлға.

Абай құнанбайұлының ҚХР-дағы жарты ғасырдан бері тынбай нәсихәттәлуі абайдың дүние жүзілік өредегі ұлы тұлға екендігінің‹ екі ел достығының айқын куәсі болғандығының белгісі.

Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған тұлға. Ол қазақ халқын рухани қазынасымен қамдаған әлемдік деңгейдегі ақыл-ой иесі. Абайдың мұрасы тұтас ұлтқа рухани азық болып келе жатқан сарқылмас байлық. Қытай қазақтары да Абайдың шығармаларымен өткен ғасырдың бастапқы кезеңінен бері танысып, рухани өміріне, әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасуына тірек етіп келе жатыр. Абай шығармалары екі елдегі қазаққа екі түрлі жолмен тарады. Абай мұрасының Қытай қазақтарына баруы және зерттелуі екі елдегі қазақтардың рухани-мәдени сабақтастығын одан әрі жалғай түседі.

Докторант Өміржан Сейсенқұлұлы қазақтың бас ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорын құрайтынын, оның өлеңдері, поэмалары ұлттық ой-сананың қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын,

Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен ондағы қазақ руханиятына қосқан үлесін саралай келіп, шығарманың зерттелуі, сонымен бірге Абай мұрасының ұлт қабілеттілігін арттырудағы рөлін анықтау; Абай мұрасы арқылы екі елдегі қазақтың тарихи тамырлық сабақтастығын айқын

көрсетіп, ұлттық бірлікке, рухани тұтастыққа барар жолды бағамдауда коп еңбек жасаған.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде Зерттеліп отырған тақырып бойынша Қазақстандық және ҚХР-дағы Абайтанушылар, Мәдениеттанушылар, Педагогтардың, Философтардың, Әлеуметтанушылардың еңбектері қарастырылған.

Ғылыми изденіс барысында докторант Өміржан Сейсенқұлұлы отандық және шетелдік баспасөз беттерінде, әртүрлі халықаралық ғылыми және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасады, 11 ғылыми мақала жариялады. Сонымен қатар скопус (Scopus) базасына енген нөлдік емес, импакт-факторы болатын халықаралық ғылыми басылымында 1 мақала *Recognition and Promotion of the Great Poet Abai Qunanbaiuly in China". Scientific Herald of Uzhhorod University. Ukraine,Issue 55, 721–729.2024. Scopus ISSN: 2415-8038, e-ISSN: 2786-6688*, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарында 5 мақала: Қытай қазіргі заман қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастика және Абай шығармаларының ықпалы, ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, *№2, 2022, 183-191 бб.; TRANSLATION AND STUDY OF THE LITERATURE OF ABAY IN CHINESE, М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ Керуен ғылыми журналы. Филология сериясы, №2(79), 2023, 211 - 223 бб.; The history of writing of Chinese Kazakhs and the impact and influence of Abay's literature. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (190 том) 2023; ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУЫ, ҚазҰУ Хабаршысы. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (106 том) 2023; «АБАЙТАНУ» ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ АБАЙДЫ ТАНУЫ,ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. №1, 2024;* Қазақстандық және халықаралық конференциялар басылымдарында 5 мақала жариялаған болатын.

Докторанттың ғылыми жұмысының айтарлықтай жоғары деңгейін айта отырып, диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын барлық талаптарға жауап береді.

Өміржан Сейсенқұлұлы «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы дербес, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Шетелдік жетекшісі,
филол.ғ.д., докторы, профессор **Әділ Жұматұрдыұлы**